

Қазақстан Республикасының спортшылары - 2006 жылғы Туриң қаласындағы (Италия Республикасы) XX қысқы Олимпиада ойындарының жүлдегерлеріне және олардың жаттықтыруышыларына төленетін біржолғы төлемдер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 шілдедегі N 714 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 мамырдағы N 691 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009.05.12 N 691 Қаулысымен .

Қазақстан Республикасының спортшылары - 2006 жылғы Туриң қаласындағы (Италия Республикасы) XX қысқы Олимпиада ойындарының жүлдегерлерін және олардың жаттықтыруышыларын көтермелеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне "Қазақстан Республикасының спортшыларын кезекті 2006 жылғы Туриндегі (Италия Республикасы) XX қысқы және 2008 жылғы Пекиндегі (Қытай Халық Республикасы) XXIX жазғы Олимпиада ойындарына даярлау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 наурызыдағы N 286 қаулысымен айқындалған мөлшерде 2006 жылғы Туриң қаласындағы (Италия Республикасы) XX қысқы Олимпиада ойындарының шаңғы жарысы бойынша мынадай жүлдегерлері мен олардың жаттықтыруышыларына:

1) Евгений Кошевойға командалық спринтте алтыншы орынды иеленгені үшін және оның жаттықтыруышы Виктор Петрович Васильевке;

2) Николай Чеботькоға командалық спринтте алтыншы орынды иеленгені үшін және оның жаттықтыруышы Сергей Васильевич Тишковқа біржолғы төлемдерді жүзеге асыру үшін 2006 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 2579000 (екі миллион бес жүз жетпіс тоғыз мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК